



---

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау  
органдары комитеті**

---

(Комитет)

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,  
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,  
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,  
E-mail: hat\_senat@parlam.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 4,  
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,  
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,  
E-mail: hat\_senat@parlam.kz

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

от \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

**Заң білімінің сапасын арттыру мәселесі  
бойынша Комитет отырысының  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы 24 қараша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті (бұдан әрі – Комитет) отырыста уәкілетті мемлекеттік органдар мен жоғары оқу орындары өкілдерінің заң білімінің сапасын арттыру жөніндегі ұсыныстарын тыңдап және талқылап, мынадай қорытындыға келді.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында заңгерлік білім беру жүйесін жаңғырту қажеттігі туындағаны атап өтілді. Сондай-ақ, Қазақстанның құқықтық жүйесінің тұрақты дамуының қағидатты шарты болып табылатын заң білімінің сапасын қалпына келтіру қажеттілігі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) аталған бағытта тиісті жұмыс жүргізуде, атап айтқанда: жоғары оқу орындарын бейіндеу бойынша «Құқық» бағыты бойынша біліктілік талаптары күшейтілді, оқу сапасы төмен оқу орындары қысқартылуда. Мәселен, «Құқық» білім беру бағдарламасы бойынша бес жыл ішінде 5 жоғары оқу орнының лицензиялары қайтарып алынды.

Министрліктің мәліметінше, бүгін елімізде 127 жоғары оқу орны бар, оның 65-і заңгерлерді дайындайды (51%). Соңғы бес жылда 82 мың заңгер бітіріп шықты, ал осы уақыт ішінде заңгерлерді даярлауға барлығы 1480 мемлекеттік грант бөлінді, студенттердің 98% - дан астамы ақылы негізде оқиды. Заң факультеттерінің бітірушілердің жұмысқа орналастыру 2020 жылы шамамен 60%.

Министрліктің тапсырысы бойынша «Атамекен» ҰКП жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингін жасайды, оның барысында «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірушілерді жұмысқа орналастыру бойынша көрсеткіш талданады. Сонымен қатар, бұл әдіс заңгерлердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына объективті баға бермейді.

Заң білімінің сапасы мәселесі бойынша Үкімет сағатына дайындық мақсатында Парламент Сенатының депутаттары Нұр-сұлтан, Алматы, Қарағанды, Қостанай қалаларының бірқатар оқу орындарында болды.

Танысу нәтижелері мен Комитет отырысының қорытындылары бойынша заң білімінің сапасына әсер ететін бірқатар факторлар анықталды:

- заңгерлік білімді қамтамасыз ететін жекелеген жоғары оқу орындарында қажетті біліктілігі, ғылыми атақтары мен дәрежелері бар профессорлық-оқытушылық құрамның тапшылығы;
- отандық заң білімін әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау;
- біліктілік және құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптармен «Құқықтану» саласында кәсіби стандарттар әзірленбеген;
- құқықтану саласындағы мамандар үшін сертификаттау жүйесінің болмауы;
- қолданыстағы заңнамаға өзгерістерді ескере отырып, оқу процесінде тәжірибеге бағытталған білім беру әдістері мен технологияларының қамтамасыз етілмеуі;
- жекелеген жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасы нашар;
- оқу және ғылыми процестерді үйлестірудің болмауы;
- заң жоғары оқу орындарын бітірушілерді мамандық бойынша жұмысқа орналастыру мәселелері;
- сондай-ақ, заңгерлік білім беруді жаңғыртудың басқа да проблемалық мәселелері.

Баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. Құрамына мемлекеттік органдардың, жетекші жоғары оқу орындарының, заң қоғамдастығының өкілдері және құқықтанушы ғалымдар кіруі тиіс заң білімінің сапасын арттыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру.

2. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасында заң білімі жүйесін жаңғырту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Ведомствоаралық жұмыс тобы жұмысының қорытындылары бойынша 2022 жылғы 18 ақпанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Үкімет сағатында «Қазақстандағы құқықтық реформа: заң білімінің сапасын қамтамасыз етуге сұраныс» тақырыбына сөз сөйлеуін қамтамасыз ету.

Орындау туралы ақпаратты 2022 жылғы 10 ақпанға дейін ұсынылсын.

**Комитет төрағасы**

**В. ВОЛКОВ**